

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 17 қазандағы № 430 қаулысы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17, 69 баптарына сәйкес Қордай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қордай ауданы, Сұлутөр ауылдық округі аумағындағы жалпы көлемі 0,1507 гектар жер учаскесін "Азиялық Газқұбыры" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне магистралды газқұбырының үстінен өтетін өткелдердің құрылысын салу үшін, жер пайдаланушылардан алып қоймай 30 (отыз) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

2) осы қаулыны оны ресми жарияланғаннан кейін Қордай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулының оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қордай ауданының әкімі*

*Б. Болатбеков*

Қордай ауданы әкімдігінің 2023 жылғы  
17 қазандағы №430 қаулысына  
қосымша

## Қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізімі

№	Жер учаскелері берілетін жердегі жер пайдаланушылардың атаулары мен жер санаттары	Қауымдық сервитут белгілеу көлемі, га
1	Қордай ауданы, "Әділ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері	0,0202
2	Қордай ауданы, Аденов Алиби Байжановичтің шаруа қожалығындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері	0,0169
	Қордай ауданы, Картабаев Муратхан Бексултановичтің	

3	шаруа қожалығындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері	0,0202
4	Қордай ауданы, Смагулов Мурат Катарбаевичтің шаруа қожалығындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері	0,0211
5	Қордай ауданы, Акилов Асхат Бекеновичтің шаруа қожалығындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері	0,0542
6	Қордай ауданының мемлекеттік жер қорындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері	0,0181
	Барлығы	0,1507

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК